



Автор: Әйгерім Бәкірова Нұрланқызы

Пән: Химия

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Химиялық байланыс түрлері

Тақырып: Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс

Сабақтың мақсаты	8.1.4.3.-заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру I. ● Кристалдық тор типтерін білу ● Кристалдық тор типтері бойынша заттың қасиетін түсіну II. ● Әр түрлі кристалдық торы бар заттардың қасиеттерін салыстыру III. ● Заттардың кристалдық тор типтеріне байланысты модельдерін құрастыру
Бағалау критерийі:	• -Кристалдық тор типтерін ажыратады • -Кристалл тор типіне байланысты заттың қасиетін анықтайды
Тілдік мақсаттар	Лексика мен терминология Заттардың күйі: кристалды, аморфты мен сөз тіркестерінің мысалдарын қамтитын тілдік мақсаттарды анықтаңыз. Кристалдық тор түйіні, атомдық кристалдық тор, металдық кристалдық тор,молекулалық кристалдық тор, иондық кристалдық тор Диалог/жазылымға қатыстытіркестер. Кристалл түзетін бөлшектер орналасқан кеңістіктегі нүктелер жиынтығы деп аталады. Кристалдық тордың бөлшектері орналасқан нүктесі кристалдық тор деп аталады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың басы (7 мин)	Ұйымдастыру кезеңі: 1.Сәлемдесу 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Әрбір қатысушы « Менің ізгі тілегім» бойынша көршісіне жағымды ізгі тілегін білдіріп, бүгінгі күнге сәттілік тілейді. 3.Оқушыларды топқа бөлу Қораптан әр түсті шарларды (кристалдық тор құруға арналған) таңдау арқылы 4 топқа бөлу Берілген шарларды бір формаға келтіру арқылы сабақтың тақырыбын ашып, оқушылармен бірлесе мақсаты айқындалады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	Жаңа білімді меңгерту Тж. "Ойлан, жұптас, топтас" әдісі арқылы мәтінмен жұмыс. (әр топқа мәтін беріледі) 1-топ: Иондық кристалдық тор 2-топ: Молекулалық кристалдық тор 3-топ: Атомдық кристалдық тор 4-топ: Металдық кристалдық тор Оқушылар мәтінді жеке оқиды, жұпта, топта талқылайды. Әр топ берілген тақырып бойынша постер қорғайды. Топта бір-біріне сұрақ қояды. Бағалау: «Екі жұлдыз бір тілек» Топтар бірін – бірі бағалайды. Ж. Деңгейлік тапсырмалар(жеке жұмыс) А Кристалдық тор типтерін суретпен сәйкестендір В Мына заттарды O₂, C(графит), CuO, CaCl₂, H₂O, F₂, NaF, HF, N₂, PH₃. кристалдық тордың түріне жіктеңіздер. С Берілген шарөзектер арқылы кристалл торлар модельдерін құрастырып, типін анықта. Динамикалықүзіліс "Energizer" (қимылды қозғалыс) Оқушылар кеңістікте геометриялық пішіндерді бейнелеу. (төрбұрыш, шаршы, дөңгелек т.с.с)	
Сабақтың соңы (8 мин)	Сабақты қорытындылау Семантикалық карта Жж. Қ/б: "Бас бармақ" әдісі арқылы бағалау Рефлексия. «3-2-1» әдісі. «Сабақта есімде қалған 3 маңызды ақпарат» «Сабақтағы 2 ең қызықты ақпарат» «Мұғалімге 1 сауал» Уәждеу: Әр оқушыға жеке тұлға ретінде баға беру. (Жарайсың! Сенің қолыңнан келеді. Бүгін сен көп еңбектендің). Үйге тапсырма: ● Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс ● Ермексаздан кристалдық тор модельдерін құрастыру.	